

Қазақстан Республикасында азаматтық алудың оңайлатылған тәртібін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 желтоқсандағы № 1470 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.10.03. № 2477 жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 1995.10.03. № 2477жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сүйеніп, әрі Қазақстан Республикасының Конституциясында және Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген жағдайлардан басқа кезде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын адамның басқа мемлекеттің азаматы болып танылмайтынын ескере отырып, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы Республикаларының арасында қалыптасқан тарихи қатынастарды одан әрі нығайту және Қазақстан Республикасының азаматтығын алудың оңайлатылған тәртібін белгілеу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Отбасылық қатынастарды қалпына келтіру үшін Қазақстан Республикасының азаматтығына Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жақын туыстары, атап айтқанда:

балалары (оның ішінде асырап алған балалары), жұбайы және ата-анасы (асырап алушысы), апа-қарындасы, аға-інісі, атасы мен әжесі бар бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары қабылдануы мүмкін.

Аталған адамдар "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы берген өтініштерінің негізінде қабылданады, бұл өтініштер берілген күннен алты айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс.

2. Осы Жарлықтың бірінші тармағында көрсетілмеген адамдар үшін Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау үшін заңдарда белгіленген қажетті он жыл тұрақты тұру мерзімі бес жылға дейін кемітілсін.

3. Өздерінің Қазақстан Республикасының азаматтығына тұрғысы келмейтіні туралы жергілікті ішкі істер органына жазбаша нысанда өтініш білдіруге Қазақстан Республикасының азаматтары құқылы болатын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзім 1995 жылғы 1 наурызға дейін бір жылға ұзартылсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңдарға тиісті өзгертулер мен

толықтыруларды Қазақстан Республикасының жаңадан сайланған Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізетін болсын.

5. Осы Жарлықтың Заңмен бірдей күші бар және ол Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңдарына тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізілгенге дейін қолданылатын болады.

6. Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*